Тәуелсіздік, мәңгі тұршы қалықтап аспанымда!

Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

16 желтоқсан жұма
№100 (1904)
2022 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

АЗАТТЫҚТЫҢ АРАЙЛЫ ТАҢЫ: бұл мерекенің маңызы қандай?

Азаттықтың арайлы таңы. Бейбіт күннің бесігінде тербелген ұрпақ. Бұл – талайдың арманына айналған құндылықтар. Қазақ осындай жарқын күннің келуін арман еткен еді. Арманымыз ақиқатқа айналды. 1991 жылы Кеңес Одағы ыдырады. Алып империя құрамындағы одақтас республикалар өз алдына жеке мемлекет атанды. Сол жылғы 16 желтоқсанда Қазақстанның Жоғарғы Кеңесі «Тәуелсіздік» пен «Мемлекеттің егемендігі туралы» заңды қабылдады.

1991 жылдың желтоқсанынан бастап Қазақстан тәуелсіз, егемен мемлекет ретінде даму жолына түсті. Тәуелсіз Қазақстанның алдында үлкен міндеттер тұрды.

Бүгінде мемлекетіміздің тұтастай даму тарихына үңілер болсақ, азаттық, бостандық, тәуелсіздік үшін күрестің толассыз жүргізілгендігін байқаймыз. Тіпті тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін де, оны сақтап қалу, болашаққа аманаттау – үлкен борыш. Қазіргі таңда еліміз әлемдік саяси аренада орны бар мемлекет ретінде қалыптасты.

4 БЕТТЕ

Қазақия

Қазақиям – азат ұям,
Қоңыр жұртым, ұлы елім.
Қаңқылдаған қаз атынан
Сөз саптаған сүлейім.

– Қанға қан! – деп,
– Жанға жан! – деп,
Атам қазақ үйреткен.
Өтті ғасыр сандаған көп
Ақ сойылын сүйреткен.

Шыңбысың сен – Хан-тәңірім,
Әлде Бетпақ – шөлмісің,
Қаңсыса да қан тамырың
Қыңқ етпейтін көнбісім.

Тасыдың да жуасыдың,
Түпсіз арнаң толсашы,
Дүниенің күнәсінің
Жуылатын моншасы.

Аялаған азаттығым
Бұлбұл ұшса басымнан,
Кімге керек қазақтығым
Мақтан еткен жасымнан?

Төбеңдегі Айды мына
Тұмарыңдай көремін.
Қапалы да, қайғылы да,
Қоңыр елім, өр елім.

Топырақтың табын сездім,
Жүгірдім де жығылдым.
Отан деген назым сөздің,
Мәнін сенен ұғындым.

Аспандай кең атамекен,
Иі қанбас көн дала,
Сені сүю – қате ме екен,
Сүйіп өтем сонда да!

Ұлықбек ЕСДӘУЛЕТОВ,
Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы

ДОДА

СЕНАТ САЙЛАУЫНА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 26 қарашада ҚР Парламенті сенатының депутаттары сайлауын тағайындау туралы Жарлыққа қол қойды. «Мемлекеттік құрылыста біз «күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласын нақты ұстанамыз. Президент сайлауы биліктің барлық негізгі институтын дәйекті түрде жаңғырту үдерісін бастауға жол ашты. Сайлау ауқымды электоралды циклдің бастапқы кезеңі болды. Біз саяси жаңғыру үдерісін жоспарлы түрде жалғастырамыз. Бүгін мен «Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутаттарының сайлауын тағайындау туралы» Жарлыққа қол қоямын. Осылайша, жоғарғы палата депутаттарының кезекті сайлауы конституциялық реформаны нақты жүзеге асырудың жалғасы болмақ. Сайлау қорытындысы бойынша Сенаттың депутаттық корпусының бір бөлігі бәсекелестік және ашықтық қағидаттары негізінде жаңарады» – деді Мемлекет басшысы ұлықтау рәсімінде.

2 БЕТТЕ

СҰХБАТ

Айтжан ОРАЗБАҚОВ, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

«ЖЕЛТОҚСАН – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК МАҢЫЗЫ БАР ОҚИҒА»

1986 жыл. Желтоқсан оқиғасы жұрт жадында әлі күнге жаңғырып тұр. Кеңестік жүйеге қарсы тұрған қазақ жастарының отансүйгіштік сезімі кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге. Сол кезде бойында ұлттық рухы аспандаған қазақтың өрімдей қыз-жігіттері алпауыт елдің айбарынан сескенбей өз елінің намысын қорғап, орталық алаңға шықты. Солардың ішінде сырбойылық бір топ жастар да болды.

Желтоқсан оқиғасы – Тәуелсіздіктің алтын тұғыры. Ата-бабалар аңсаған азаттықтың шырағы жағылған сәт. Осынау тарихи оқиғаның куәгерінің бірі – жерлесіміз, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Айтжан Оразбақовпен сұхбаттасудың сәті түсті.

4 БЕТТЕ

Қызылорда облысына жұмыс сапарымен ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова келді. Алдымен министр облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевпен кездесіп, әлеуметтік қолдау мәселелері бойынша актив отырысын өткізді.

МАҚСАТ – ЖҰМЫССЫЗДАР САНЫН АЗАЙТУ

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың биылғы жылғы Жолдауында әлеуметтік саланы қолдауға және дамытуға ерекше басымдық бергенін атап өтіп, аймақта халықтың тұрмыс деңгейін жақсартуға бағытталған жұмыстарды тізбектеді.

2 БЕТТЕ

БӘРІ ДЕ ТАЛАПҚА САЙ БОЛУЫ ТИІС

Сыр өңіріне ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Еркебұлан Дауылбаев жұмыс сапарымен келді.

Вице-министр қаладағы СПМК-70 шағын ауданындағы және Сырдария өзенінің сол жағалауындағы көпқабатты несиелік тұрғын үйлердің құрылыс барысымен танысты. Сонымен қатар жаңа тұрғын үй аумақтарындағы автономды қазандық жұмысымен және тұрғын үйлерді модернизациялау жұмысын да көрді.

2 БЕТТЕ

Газет оқу және стресс

Өткенде бір мұғалім әлеуметтік желіге газетке жазылу дегеннен стресске түсетінін айтып, шағымданып хат жазыпты. Ойланып қалдым. Стреске түсетіндей не жағдай болыпты? XX ғасырдың 60-шы жылдары канадалық эндокринолог дәрігерлер «стресс» атауын алғаш медицинаға енгізгенмен, осы бір жағымсыз күйден шыға алмай, күйзелетіндер де, өмірден түнілетіндер де кейінгі жылдары күрт көбейді. Психолог мамандар да жылдан-жылға жүйкесі жұқарған, ашушаң баланың да, үлкеннің де көбейіп бара жатқанын айтып жүр. Оған дәлел керек емес. Күн сайын ел әлеуметтік желідегі електен өтпейтін ақпараттар легінен алақанындағы смартфон арқылы бар жаңалықты біліп отыр. Жаңалық болғанда да «өлтіріп кетті, өртеп жіберді, секіріп кетті» деген сияқты жағымсыз ақпараттардың көптігінен-ақ бүгінде жүйкесі жұқ болған жандар аз емес екенін аңғаруға болады. Қалай айтқанда да стресс жақсы емес. Мұғалімнің газетке жазылу үшін өз сөзімен айтқанда, стреске түскені... Құдай-ау, оқу дегенің өмірден түңілетіндей қорқыныш па? Оқу дегенді жан рахаты деп жүрген жоқпыз ба? Мына бір қызылды-жасыл аласапыран дүниеден сәл дамылдап, бір уақыт газет-журнал ақтарып, кітап оқысаң рухани демалып, айналаға басқаша көзқараспен қарай бастаған сәтті сезінуден артық қуаныш бар ма? Кейде күйкі тірлік көңіл-күйді бұзғанда бір сәт кітап оқысаң, әлемді басқаша танығандай күй кешетін сезімді бастан кешкен боларсыз?

4 БЕТТЕ

СЕНАТ САЙЛАУЫНА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

Аймақтағы Сенат сайлауына дайындық қалай, қанша үміткер тіркелді? Бұл жөнінде облыстық сайлау комиссиясының хатшысы Аягөз Сырлыбаевадан білген едік.

– Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Сенат Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының әрбір облысынан, республикалық маңызы бар қаласынан және астанасынан екі адамнан өкілдік ететін депутаттардан құралады. Сенат депутаттарының өкілеттік мерзімі – алты жыл, депутаттардың жартысы үш жыл сайын қайта сайланады, – дейді облыстық сайлау комиссиясының хатшысы.

Облыстық сайлау комиссиясы берген мәліметке сүйенсек, республика бойынша 20 сенаторлық мандатқа, соның ішінде Қызылорда облысынан 2017 жылы сайланған Мұрат Бақтиярұлының орнына, яғни бір орынға сайлау өткізіледі.

Сенат депутаттарын сайлау таңдаушылардың бірлескен отырысында жүргізіледі. Бірлескен отырыс өткізілетін жерде облыстық сайлау комиссиясы Сенат депутатын сайлау жөніндегі дауыс беру пунктін ұйымдастырып, таңдаушылар дауыс береді.

Егер бірлескен отырысқа тиісінше облыстың барлық мәслихаттарынан, өкіл болатын сайланған депутаттар санының елу процентінен астамы қатысса, сайлау өткізілген болып есептеледі. Дауыс беруге таңдаушылар – мәслихаттардың депутаттары қатысады. Қызылорда облысы бойынша 9

Басы 1-бетте



мәслихатта 149 депутат өкілеттік міндеттерін атқаруда, барлығы 152 мандат бар.

– Осы уақытқа дейін Парламент Сенатының депутаттығына 8 кандидат ұсынылды. Олар: Мурат Жолкелдиевич Тлеумбетов, Руслан Рустемов, Нұрғали Рахымшаұлы Қордабай, Жорабек Ибрагимович Нурымбетов, Жасулан Бақытович Жарасбаев, Асылбек Өмірбекұлы Шаменов, Наурызбай Сейткалиевич Байкадамов, Бердешов Жеңісбек Төлепбергенұлы.

Ұсынылған 7 үміткер Конституция мен Қазақстан Республикасы сайлау заңнамасының талаптарына толық сай келеді, 1 үміткер облыс аумағында кемінде соңғы үш жыл тұрақты тұрмауына және еңбек қызметін растайтын құжаттарын ұсынбауына байланысты заңнама талаптарына сәйкес емес деп анықталды. Кандидаттардың барлығы өзін-өзі ұсыну құқығын пайдаланған, мәслихаттардан кандидат ұсынылған жоқ. Кандидаттарды ұсыну мерзімі 2022 жылғы 14 желтоқсан күнгі сағат 18-00де аяқталды, – дейді облыстық сайлау комиссиясының хатшысы.

Айта кетейік, кандидаттар ұсынылғаннан кейін олардың ҚР Конституциясы мен сайлау заңнамасының талаптарына сәйкестігі тексеріледі. Содан соң талапқа сәйкестігінің анықталуы бойынша кандидатты қолдап таңдаушылардың қолдары жиналады, толтырылған қол қою парақтары облыстық сайлау комиссиясына өткізіледі.

Бүгінгі күнге облыстық сайлау комиссиясы 3 кандидатты тіркеді. Кандидаттарды тіркеу мерзімі ағымдағы жылдың 24 желтоқсанында жергілікті уақытпен сағат 18-00-де аяқталады.

Сонымен қатар дауыс беретін күнге екі күн қалғанда кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға немесе бұған дейін тіркеуден шығарылған кандидатты қалпына келтіруге жол берілмейді. 2023 жылғы 12 қаңтарға дейін депутаттыққа кандидат облыстық сайлау комиссиясына бұл туралы жазбаша өтініш бере отырып өз кандидатурасын алып тастаса немесе тіркелген кандидатқа қатысты тіркеудің күшін жою туралы шешім шыққан жағдайда оның тегі сайлау бюллетеніне енгізілмейді немесе сызылады.

Дауыс беруге қатысқан таңдаушылардың кемінде 50 проценттен жоғары дауыстарын алған кандидат Қызылорда облысынан Сенат депутаты болып сайланған деп саналады.

Естеріңізге сала кетейік, Мемлекет басшысының Жарлығымен Парламент Сенатының депутаттарын сайлау 2023 жылғы 14 қаңтарға тағайындалды. 13 қаңтар – тыныштық күні. 14 қаңтар – дауыс беру күні. 20 қаңтарға дейін ОСК сайлау қорытындыларын жариялайды.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

К.Қаракөзов атындағы №235 орта мектепте 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні және Т.Бигелдиновтың 100 жылдығына орай пневматикалық винтовка атудан қалалық сайыс өтті.

ҰСТАЗДАР МЕН ОҚУШЫЛАР МЕРГЕНДІГІН ДӘЛЕЛДЕДІ

Жас ұрпақты Отанын сүйген патриот, рухты азамат етіп тәрбиелеу мақсатында өткізілген шараға қалалық білім бөлімінің әдіскері Б.Қалиев, облыстық «Чернобыль» ардагерлер қоғамының төрағасы А.Бисенбаев, «Жас сарбаз» облыстық филиалының төрағасы Ә.Төлебай қатысты.

Әскери сайыс «Алғашқы әскери дайындық» пәні мұғалімдері мен оқушылар арасында өтті. Олар мергендігін, әскери шеберлігін дәлелдеуде алдына жан салмады. Қатысушылар әуелі винтовка құрастыруда жылдамдығы мен нысана көздеудегі дәлдігінен сынға түсті. Тартысты өткен сайыста оқ бойы оза шауып, дөп тигізе білгендер қазылар алқасының шешімімен жеңімпаз атанды.

Атап айтқанда, мұғалімдер арасында №211 мектептің оқытушысы Ерболат Елнұр I орын, №12 мектептен Аяжан Сүгірбаева II орын алса, III орынды №215 мектеп мұғалімі Темірғали Қалжан иеленді.

Ал оқушылар арасынан №12 мектеп оқушысы Нұркен Күндәулетов үздік деп танылды. №261 мектеп оқушысы Файзулла Қыранов II орынды, №215 мектептен Нұржан Дүйсенбаев III орынды иемденді.

Қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты №13 балалар кітапханасы мен Ә.Тыныбаев атындағы №11 мектеп-лицейінің бірлесе ұйымдастыруымен 16 желтоқсан Тәуелсіздік күні аясында «Желтоқсан желі ызғарлы» атты ерлік сағаты өтті.

�желтоҚсан желі ЫзҒарлы

Тәуелсіздік мерекесіне арналған шарада Әнұран шырқалып, желтоқсан құрбандарын бір минут үнсіздікпен еске алды. Ел егемендігі үшін күресте талай қыз-жігіттер қыршын кетті. Желтоқсан оқиғасы жеңіл қарайтын күн емес. Олардың бұл ісі Отансүйгіштіктен туындағаны жасырын емес. Қазақ жастарының бұл ерлігі өскелең ұрпақтың жадында мәңгілік сақталуы тиіс. Шараның басты мақсаты – осы.

Ерлік сағатында кітапхананың жас оқырмандары «Отты алау алаңы» тақырыбында сахналық көрініс қойды. Сондай-ақ 4 сынып оқушылары белгілі ақындардың тәуелсіздік туралы жырларын жатқа айтып, «Қайрат Рысқұлбековтің монологын» оқыды. Шараға Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, эколог-ақын Мұхамеджан Нұрханов, Р.Әбдреева, Ф.Дүйсенова сынды ардагер-ұстаз қатысып, 1986 жылы 16-17 желтоқсанда болған оқиға туралы кеңінен тарқатып айтып берді. Қазақ тарихында мұзды әріптермен жазылған бұл күн туралы жас өрендер көптеген ақпарат алды.

Тәрбиелік сағат «Атамекен» әнімен қорытындыланды.

Тасбөгет кентіндегі №176 орта мектебінде «Рәміздерім – елдігімнің белгісі» атты апталық аясында «Тәуелсіздік – елімнің ерлік жолы» тақырыбында танымдық сабақ өткізілді.

ТӘУЕЛСІЗДІК – ЕЛІМНІҢ ЕРЛІК ЖОЛЫ

Ондағы мақсат – оқушыларды желтоқсан оқиғасы арқылы Отанды сүюге, құрметтеуге шақыру. Сабақтың басты қонағы мектептің орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Бақыт Таекеева болды. Ол сол тұста студент болып, Желтоқсан көтерілісіне қатысқан. Қазақ жастарының елінің бостандығы

үшін жасаған ерлігі туралы Бақыт Кенжебекқызы баяндап берді. Сонымен бірге ол көтеріліске қатысқаны үшін басынан өткізген жағдайы, жолында кездескен кедергілерімен бөлісті. Осылайша жас ұрпақты Отанын құрметтеуге, тәуелсіздікті бағалай білуге үндеді.

Шарада оқушылар тәуелсіздік тақырыбындағы өлеңдер оқыды. Ал мектептің 9 «В» сынып оқушысы, жас ақын Құрбанәлі Данияр «Тәуелсіздік» атты шығармасын оқып, Желтоқсан боздақтарына құрметін көрсетті.

ҚОЙМАДАҒЫ АЗЫҚ, ҮЙДЕГІ ЖЫЛУ – БАСТЫ НАЗАРДА

Қалалық мәслихат депутаттары өндіріс, тұрғын үй, коммуналдық шаруашылығы және экология мәселелерін ұдайы назарда ұстап келеді. Халық қалаулылары «Байқоңыр» әлеуметтік – кәсіпкерлік корпорациясы акционерлік қоғамының тұрақтандыру қоры қоймасында болып, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын сақтау барысымен танысты.

Қазіргі таңда тұрақтандыру қоры қоймасында әлеуметтік дүкендерге таратылатын әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының 8 түрі сақталады. 2022 жылдың басынан бүгінгі дейін тұрақтандыру қорынан 8153,3 тонна тауар төмен бағамен халыққа ұсынылды. Жыл аяғына дейін 200 тонна күріш, 204 тонна қант, 571 мың дана тауық жұмыртқасын сатып алу жоспарлануда.

Мәслихат депутаттары қала аумағында азық-түлік тауарларының нарықтағы бағаларын тұрақтандыру және нарықты молайту жөніндегі атқарылған жұмыстар бойынша комиссия отырысын өткізді.

Жиында қалалық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Н.Әзірбек хабарлама жасап, ауыл шаруашылығы өнімдерін алдағы уақытқа толық жететінін айтып, өнім қоры молынан жиналғанын баяндады.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағаларын тұрақтандыру туралы «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы компаниясы» акционерлік қоғамының тұрақтандыру жұмыстары жөніндегі басқарма басшысы Т.Бекішов өнімдердің барлығы арнайы температурада сақталып, бұзылмауына аса назар аударылатынын жеткізді.

Сонымен қалалық жер комиссиясының атқарған жұмыстары туралы қалалық жер қатынастары бөлімінің басшысы Ғ.Омаров хабарлама жасап, мәслихат депутаттары тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді.

Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Ж.Файзуллаев, көпқабатты тұрғын үйлердің жылумен қамтылуы жөнінде қалалық тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы А.Рысбектің хабарламалары тыңдалды.

Тұрақты комиссия отырысында ауылдық жерлердегі фермерлердің шаруаларын дамытуға қаржылай қолдау көрсету бағытында арнайы бағдарлама дайындау, «Байқоңыр» ӘКК АҚ ұсынатын әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын бекітілген бағадан арзандату мүмкіндігін қарастыру, талапқа сай емес жерлерден пайдалануға берілген және кәсіпкерлік мақсатта алынып, пайдаланылмай тұрған жер учаскелерін мемлекет меншігіне қайтару, ағымдағы жылу маусымының сапалы өтуін басты назарда ұстау, тұтынушыларға газды жеткізу сапасы мен қысымын арттыру, тұрғын үйлердегі жылу мардымсыздығы секілді өзекті мәселелер мен ұсыныстар айтылып, оң шешімін табу жөнінде пікірлесті.

Жиынға қалалық мәслихат депутаттары, қала әкімінің орынбасары Ж.Сейілов, облыстық және қалалық мекемелердің, дербес бөлімдердің басшылары қатысты.

– Айтылған ұсыныс дер кезінде орындалуы керек. Халық тұтынатын тауарлары күн тәртібінен түскен емес. Баға тұрақтылығы, өнім сапасы басты назарымызда. Тағы бір айта кетерлік, өзіміздің жергілікті өнімді өсіру мәселесін жолға қойып, орындалуын қадағалау қажет. Жұмыстың жүйелі жүргізілуі істің нәтижелі орындалуымен аяқталуы тиіс. Әрбір депутат өз учаскесінің өтініш арызын жоғарыға жеткізіп, жедел түрде шешімін тауып отырса халық ризашылығын айтады. Ал бұл істің аяқсыз қалмағанының көрінісі. Бұл бағыттағы жұмыстар жыл бойы жалғаса бермек, – деді комиссия төрағасы Мұхит Кәрімбаев.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

МАҚСАТ – ЖҰМЫССЫЗДАР САНЫН АЗАЙТУ

«Ұлттық жобалар шеңберінде 136 жоба аясында мыңнан астам жұмыс орны құрылып, олардағы жұмыспен қамтылған азаматтарға зейнетақы аударымдары 67,3 пайызды құрады. Жыл қорытындысымен бұл көрсеткіш 90 пайыздан асады деп күтілуде. Индустрияландыруды дамыту аясында өңірде жалпы құны 613,1 млрд теңгені құрайтын 37 жоба бойынша жұмыс жүргізілуде. Бұл 6,8 мың адамды жұмыспен қамтуға мүмкіндік береді.

– Әлеуметтік ахуалды тұрақтандыру мақсатында облыс әкімдігі, жұмыс беруші және облыстық кәсіподақтар орталығы арасында өзара ынтымақтастық туралы 52 ірі және орта кәсіпорынмен меморандумдарға қол қойдық. Осы жұмыстардың нәтижесінде 8 мыңнан аса жұмысшының жалақысы 50 пайызға дейін көтерілді, – деді облыс әкімі.

Жиын барысында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова Мемлекет басшысының 10 мың тұрғынға 100 жұмыс орнын құру бастамасын жүзеге асыру аясында өңірдің жақсы нәтижелерін атап өтті. Мәселен, 4587 жұмыс орнын құру жоспарлы көрсеткіші бойынша 10043 адам жұмысқа орналасты, яғни жоспар екі еседен артық орындалды.

Ерекше айта кету керек, министр Сыр өңіріне алдағы 3 жыл ішінде жұмыспен қамтудың белсенді шараларына 43,7 млрд теңге қаржы қаралғанын жеткізді.

– Келесі жылы Қызылорда облысында 36,6 мың адамды жұмыспен қамтуға белсенді шаралар жоспарлануда. Біздің мақсат – жұмыссыз адамдарға барынша жұмыспен қамтуға жағдай жасау. Әр бос жұмыс орны электрондық еңбек биржасы арқылы мониторинг жүргізіліп, еңбек келісім-шартымен және зейнетақы жарнасымен расталатын болады, – деді Т.Дүйсенова.

Министр «Әлеуметтік» кодекстің артықшылықтары мен «Отбасының» цифрлық картасын енгізу жұмыстарының тиімділігіне тоқталды. Бұл жоба арқылы тиісті көмекті ала алмай жүрген отбасыларға 1 қыркүйектен бастап белгіленген мемлекеттік кепілдіктер туралы SMS хабарламалар жолданады.

– Бүгінгі күні мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелеріндегі деректері бойынша цифрлық картада 6,3 млн отбасы мен олардың 19,5 млн отбасы мүшесі туралы ақпарат жинақталған. Бұл ретте тиісті көмекті ала алмай жүрген отбасыларды анықтадық. Мұндай отбасыларға проактивті форматта мемлекеттік қолдаудың тиісті шаралары қабылдануда. Қызылорда облысының 840 тұрғынына төлем тағайындалды, – деді министр.

Ведомство басшысы карта аясында жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдердің 9 түрі бойынша қызмет көрсетілсе, 2023 жылдан бастап халықты әлеуметтік қорғау саласындағы қызметтердің тізімі кеңейтілетінін атап өтті. 2025 жылға қарай цифрлық картада әлеуметтік, білім және денсаулық сақтау салалары бойынша барлық мемлекеттік кепілдіктер қамтылады.

Айта кетейік, министр жұмыс сапары аясында мүгедектігі бар адамдармен, ҮЕҰ өкілдерімен және еңбек ұжымдарымен кездесулер өткізіп, баспасөз брифингінде журналистердің сұрақтарына жауап берді. Сондай-ақ бірқатар медициналық-әлеуметтік мекемеге барды.

Басы 1-бетте

БӘРІ ДЕ ТАЛАПҚА САЙ БОЛУЫ ТИІС

Сондай-ақ салалық басқармалардың және облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарының қатысуымен жиын өтті. Онда өңірдің көрсеткіштері мен қордаланған мәселелері талқыланды. Нәтижесінде тұрғын үйді іске қосу бойынша жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізуге, тұрғын үй саясатын іске асыруға, тиімді қала құрылысын жоспарлауға және автоматтандырылған ақпараттық жүйелерде құжаттаманы орталықтандырып жүргізуге бағытталған тапсырмалар берілді.

Басы 1-бетте

Сапар барысында халықпен кездесу ұйымдастырылып, қатысушыларға құрылыс және ТКШ салаларында жүргізіліп жатқан реформалар туралы айтылды. Сонымен қатар қолданыстағы және жоспарланып отырған ынталандыру және қолдау тетіктерін қолдану негіздері түсіндірілді.

Одан кейін вице-министр азаматтарды жеке сұрақтары бойынша қабылдап, ұсыныс-пікірін тыңдады.

«Ақмешіт-ақпарат»

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қызылорда қалалық аумақтық инспекциясының басшылығының жеке тұлғаларды және заңды тұлға өкілдерін қабылдаудың 2023 жылға арналған КЕСТЕСІ

Қабылдаушының аты-жөні	Қабылдаушының лауазымы	Қабылдау күні мен уақыты	Мекеменің мекен-жайы	Байланыс телефоны	Сенім телефоны
Ахметов Бекнұр Қахарманұлы	Қызылорда қалалық аумақтық инспекциясының басшысы	Сейсенбі, сәрсенбі, сағат 16.00-18.00	Қызылорда қ., Ә.Бөкейхан көшесі, ғимарат №54Б	23-17-12	8/7242/ 23-78-13

ЖЕЛТОҚСАН ЖЕЛІ ЖАДЫМЫЗДА

БІРЛІК ЖОҚ ЖЕРДЕ ТӘУЕЛСІЗДІК ЕШҚАШАН ТҰРАҚТАМАЙДЫ

Ұлт тарихының айшықты сәті Тәуелсіздік мерекесі біз үшін маңызды. Тәуелсіздік – азап пен төзімнің, халықтың сан ғасырлар бойы еркіндікті аңсаған шыдамының өтеуі. 1986 жылы желтоқсан айында алаңға шыққан аға-апаларымыз Тәуелсіздік таңының атуын жақындатты. Болашақ ұрпақтың тәуелсіз елде өмір сүруіне себепкер болды. Ел ертеңі үшін шырылдаған жастардың Алматыдағы орталық алаңға жиналып, ұлт болашағы үшін ұрандаған тарихи сәттерін газет беттерінен оқып, есімізде сақталды. Бейбітшілік үшін ерлік жасап, желтоқсан оқиғасына қатысушылар бүгінгі ұрпаққа еңселі егемендігімізді мұра етіп қалдырды. Сол оқиғаның куәсі болған жандар бүгінде арамызда бар. Біз жастардың бойына ерлік сыйлау үшін, тәуелсіздіктің қадірін түсіну үшін желтоқсан оқиғасының куәгерлерімен әңгімелесуді жөн көрдік. Қыстың қаһарлы аязы мен сол кездегі желтоқсан желі олардың әлі жадында.

Желтоқсан оқиғасына куәгерлердің бірі – қызылордалық Гүлмира Баялиева. 1986 жылы ол С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінің 2-курс студенті болды. Желтоқсан оқиғасы кезінде сол уақыттарда студент болған жастар қаһарлы қыстың аязын ұмытпайды. Гүлмира апай сол күнді еске алып, естеліктерімен бөлісті.

– Желтоқсанда мұндай оқиға болатынын ешкім болжамады. Түскі сағат 13:30 кезінде сабақ бітіп, қайтып бара жатқанымызда студенттер жиналып тұр екен. Бір күн бұрын Қонаевты орнынан алып тастағанын естіген болатынбыз. Орталықтың 18 минуттық пленумында Қонаевты орнынан алып, біздің елге қатысы жоқ, тілімізді, дінімізді, экономикамызды, мәдениетімізді білмейтін Колбинді әкеп қойғаны қазақ еліне, жастарына ауыр тиді. Сол кезде жастар қарсы болып, республика алаңына барып, қазіргі әнұранымыз «Менің Қазақстаным» әнін айтып бардық. Алаңда студенттер, жастар толып тұр екен. Сағат үштердің кезі еді. Жастар тек бейбіт шеруге шықты. Тек олардың билікке талабы болды. «Қонаев өзі алаңға шығып, неге орнынан кеткенін айтсын» деген талап қойды. Бір уақытта мінберге Олжас Сүлейменов, Мұхтар Шаханов, Роза Бағланова, Бибігүл Төлегенова шығып, халыққа, жастарға басу айтты. «Айналайындар, арты дұрыс болмайын деп тұр, қайтындар» деп жастарды қайтуға шақырды. Алайда жастар тыңдап жатқан жоқ. Деканымыз Т.Кәкішов келіп бізді қайтарды. Күн суық. Жел ызғарлы. Жастар итеріп, бір-бірін көрмейді. Содан арасында біздің топтан қалып қойған студенттер де болды. Сағат кешкі бестің кезінде біз қайтып бара жатқанда өрт сөндіру, су таситын машиналары келіп жатты. Ертеңіне естігеніміз жастарға су шашқан. Оларға арақ таратуға тырысқан. Жатақханаға келгеннен кейін қатаң тәртіп болды. Қазақ жастары Орталық комитетінің қитұрқы саясатының құрбаны болған еді. Есімде қалғаны сол кезде орталық алаңда үлкен прожектор айналып тұрды. Прожектор суретке түсіріп тұрған екен. Кейін суреттер шыққанда көбі оқудан шығарылды. Ал біздің топтың студенттерінің оқудан шықпауына Т.Кәкішов ағамыздың көп көмегі тиді. Расында, Желтоқсан оқиғасын ойға алғанда селт етпейтін жүрек жоқ. Себебі Желтоқсан – күллі кеңестік кеңістіктегі айтулы өзгерістердің бастауы, қазақтың қайта оянған ұлттық рухы, – деп еске алды Гүлмира Баялиева.

Бүгінде ол Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті «қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика» кафедрасында қауымдастырылған профессор міндетін атқарушы. Оның пікірінше, осындай бірлікпен, ерлікпен, табандылықпен келген Тәуелсіздіктің қадірін бүгінгі жастар ұғынуы тиіс.

– Бірлік жоқ жерде Тәуелсіздік ешқашан тұрақтамайды. Білім мен мен мәдениет жоқ жерде өркениетке бара алмаймыз. Қазіргі жастарда еркіндік бар, ой-пікірлерін айта алады. Жаңа Қазақстанның ұландарының жағдайы жасалған. Бірақ осы мүмкіндікті пайдалана алмай жүрген жастар бар. Тәуелсіз елде өмір сүріп жатқанын сезініп, жақсы оқуға, білім алуға тырысуы қажет. Тәуелсіз елдің ұрпақтары бақытты болуға лайық, – дейді ол.

Тағы бір жерлесіміз қызылордалық Мадина Жүсіпбекова да 1986 жылы Алматыда білім алып жүрген еді. Ол С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетінің 2-курс студенті болатын. Бұл топта үлкен жігіттер көп-тін. Себебі ол уақыттарда заң факультетіне түсу қиын. Сондықтан ол топта біркелкі жастар емес, әртүрлі жастағылар оқитын. Сол жастардың барлығы Желтоқсан оқиғасының куәсі болған. Оның пікірінше, Желтоқсан оқиғасын еске алғанда селт етпейтін жүрек жоқ.

– Желтоқсан оқиғасы – Тәуелсіздіктің алғышарттары деп айтуға болады. Сол уақытта жастар алаңға шығып, өздерінің құқықтарын қорғады. Еркіндікті, бейбітшілікті талап етті. Ең алдымен сөз еркіндігін басымдық ретінде айтты. Қазіргі таңда осы қағидалар – құқықтық мемлекеттің басты талабы. Жастардың патриоттық сезімі оянып, алаңға шығуының бірден бір талабы – «Қазақстан Республикасының азаматы ғана елді басқарсын. Елдің әлеуметтік, экономикалық жағдайын білетін азамат қазақ еліне басшы болуы тиіс» деген талап қойды.

Желтоқсан оқиғасын еске алғанда ызғарлы күндердегі жастардың елі үшін, жері үшін күрескенін мақтанышпен айтар едік. Әрбір жастың бойында еліне деген сүйіспеншілік байқалады. Олар қаһарлы қыста бостандық үшін, еркіндік үшін алаңға шықты. Ешкімнен қорықпады. Мен өзім желтоқсан оқиғасына қатысқан жоқпын. Бірақ біз сол оқиға болған жердің куәсі едік. Дәл сол күнді еске түсірсек, КазГудің студенттері және де басқа да жастар бейбіт шеруге шыққан болатын. Қолдарында қару болмаған. Тек өздерінің ойын, талабын билікке жеткізу еді. Күндізгі уақытта сабақ болып жатқан кез. Бізді оқытушы жібермеді. Университет есіктерін жауып тастады. Бірақ кешке қарай оқиға болған жерге барған кезде, мынадай суреттер көз алдымызда тұрды. «Қақаған суық. Жастар алаңға жиналған. Басшылар жастарды қайтаруға тырысқан, олар қайтпаған соң мұздай су шашқан. Кейбір группаластарымның айтуынша, алаңдағы жастарға арақ, басқа да зиянды заттар таратқан. Ал кешке жақын жатақханаға келсек, сол кездегі предсадетель Мукашов деген кісі: Мынау алаңда «арақ ішіп, наша шеккен жастар бұзақылық жасады» деп айтып жатыр. Сол кездегі 56-бап бойынша жастар жауапқа тартыла бастады. Желтоқсан оқиғасына қатысқандар бірінен соң бірі түрмеге қамалды. Ал ертесіне «медицина» сабағы болып, ауруханадан келе жатқан кезде көргеніміз жан-жақтан әскерилерді әкелген. Дубинка ұстаған олар орталық алаңды қоршап тұрды. «Алаңнан тез-тез кетіңдер» деп қуды. Одан бөлек автобусқа отыра алмай қалған группадағы қыздарды айдалаға апарып, дубинкамен ұрып-ұрып тастап кеткен. Таяқ жеген қыздар әрең дегенге жатақханаға келген. Осындай оқиғалармен, ерен ерлік нәтижесінде қол жеткізген Тәуелсіздіктің бағасын түсінуіміз қажет. Желтоқсан оқиғасында қыршын жастардың қаны төгілді. Бірақ азаттықтың ақ таңы атты. Өз алдына егемен мемлекет болдық. Сондықтан да Тәуелсіздік қадірін ұғына жүріп, Желтоқсан оқиғасына қатысқан батыр азаматтарды ұмытпауымыз керек, – деді Мәдина Қойшыбайқызы.

Қазіргі таңда Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті «Экономика және құқық» институтының «Құқықтану» кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты Мәдина Қойшыбайқызының айтуынша, жастар Тәуелсіздіктің қадірін түсінуі қажет. Осы ұстанымды үнемі студенттеріне де айтып отырады.

– Алдыңғы буын жастар мен қазіргі жастардың арасында алшықтық бар. Ол кезде жастар кітапты көп оқитын. Жастардың патриоттық рухы жоғары деңгейде еді. Өйткені қазіргі уақытта сенбілікке студенттерді шығара алмаймыз. Бұл да туған жерге деген патриоттықты білдіреді. Жастар біздің – болашағымыз. Олар қоғамның көп бөлшегін құрайды. Сондықтан жастар Тәуелсіздігімізді сақтау керек. Егер шындаса жастардың қолынан барлығы келеді. Желтоқсан оқиғасы да – соның дәлелі. Бұл оқиға тарихи естелік болып біздің жадымызда мәңгі сақталады. Бүгінгі бейбіт өмірдің қандай жолмен келгенін жас буын білуі қажет. Сонда ғана бейбітшіліктің қадірін түсінеді. Ең алдымен бүгінгі ұрпақ білімді, саналы азамат болып қалыптасуы қажет. Сол кезде жаңа Қазақстан жоғары деңгейде дамиды деп айта аламыз, – дейді Мәдина Жүсіпбекова.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

БҰЛ – ЖЕЛТОҚСАН КӨШЕСІ

Зейініңмен көрсең біраз зерделеп,
Тарихтан айтам аз-кем мен дерек.
Тәуелсіздік ақ сүтіндей ананың,
Қандай бақыт! Қандай биік тең келед(і).

Желтоқсан оқиғасы – тәуелсіздіктің қастерлі құндылығын айғақтаған кезең. Осынау орны ерек оқиға ел жадынан өшпек емес. Ел егемендігі жолында ерліктерімен есте қалған желтоқсаншы жастарға арналған облыс орталығындағы Желтоқсан көшесі соларға көрсетілген құрмет белгісіндей.

Сәрсенбінің сәтті күні жаныма фототілші Нұрболат Нұржаубайды ертіп, сол көшеге бардық. Зулаған көлік, шулаған дыбыс санаңды сілкілейді.

Желтоқсан – қала орталығындағы ең үлкен көшенің бірі. Көшелі елдің келешегін көшесіне қарап тануға болады емес пе. Еуразия спорт кешені, «Қайсар» футбол клубы, қалалық су шаруашылығы бөлімі, жеке кәсіпкерлік нысандар, қалалық мәслихат ғимараты мен орталық алаң бәрі-бәрі жіпке тізген моншақтай осы көшеде орналасқан. Барлығы шаһар шырайына әр беріп, сәулетіне сән қосқандай.

Жалпы Желтоқсан көшесі еліміздің барлық өңірінде, қала, аудан орталықтарында бар. Ал біз Қызылорда қаласындағы Желтоқсан көшесінде тұрып, ары-бері өткендерден пікір алдық.

– Тәуелсіздігімізді жариялауымыздың символдық мәні Желтоқсанмен тығыз байланысты. Бұл азаттықтың астарында алаш жастарының мұңы мен сыры астасып жатыр. Тәуелсіздіктің бастауы болған Желтоқсан оқиғасының тарихи маңызы уақыт өткен сайын тереңдей түспек. Кеңестік билікке қарсы өкпе-наз 1986 жылы 16 желтоқсанда жастарды алаңға алып шықты. Осы бас көтеруден кейін КСРО-ның қабырғасы сөгілді емес пе. Бұл көтерілістің негізгі қозғаушы күші – жастар. Бәрінің көңілінде тоталитарлық жүйемен келіспеушілік бар. Бұл – қазақтың ұлттық санасының оянғанының көрінісі. Олардың ерлік істері халық жадында мәңгі сақталады. Қазақ үшін еркіндікті жақындатқан Желтоқсанның орны бөлек. Осы көшеден өткен әр адам жадында Желтоқсан оқиғасы жаңғырып, құрбандарына тағзым ететін болады, – дейді қала тұрғыны Гүлназ Мұсағалиева.

– Желтоқсан – азаттықтың қарлығашы, тәуелсіздіктің басы, – деп бастады әңгімесін өзін Жомарт деп таныстырған ақсақал. Ол кісі үйіндегі электр энергиясын есептегіш құралды тексертуге осы көшеде орналасқан мекемеге алып келген екен.

– Балам, тәуелсіздік жайлы әңгіме бастамас бұрын бірінші Желтоқсан оқиғасын айту керек. Қазір не, Желтоқсан оқиғасын айтпай тұрып, тіпті Тәуелсіздікті сөз етпей тұрып, жаңа жылдың жырын айтып кетеді. Бұл дұрыс емес, – деп ренішін білдірді.

Біз көше бойымен жүріп келеміз. Алдымызда жас шамасы 40-45-тердегі әйел кісі келеді. Тоқтатып, сәлемдесіп, мән-жайды айттық. Есімі – Нұржамал Сұлтанова. Қызылордаға қыдырып келген.

– Сіздер шынымен журналиссіздер ме? Қазір адамға-адам сенбей қалды ғой. Артынан пранк деп тұрмаңыздар деген ол желтоқсаншыларды ерекше құрметтейтінін айтты.

Иә, желтоқсаншылар ерекше құрметке лайық. Кімнен сұрасаң да Желтоқсан оқиғасы жайлы ерекше тебіреніспен айтады. Бұл көшемен келе жатып бойымызды ерекше бір күш билегендей әсер алдық. Мүмкін бұл қазақты еркіндікке бастаған азаттықтың рухы шығар... Қалай десек те – бұл Желтоқсан көшесі. Біз Желтоқсан көшесіндегі сапарды осылай тәмамдадық

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,
Суретті түсірген **Нұрболат НҰРЖАУБАЙ**

ЖАСАМПАЗДЫҚТЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ

1991 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстан халқы егемендікті, бостандықты, әлемге ашықтықты таңдады, ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы армандап өткен тәуелсіз ел болу мәртебесінен артық қасиетті де қымбат ештеңе жоқ. Еліміздің тәуелсіздігі жолында бабаларымыз өршіл рух танытып, тарихта өшпес із қалдырды.

Тәуелсіздік алған 31 жыл ішінде Сыр өлкесі де өсіп-өркендеп, еліміздің дамуына өз үлесін қосып келеді. Аймақта білім, ғылым, денсаулық, мәдениет, спорт салалары айрықша даму үстінде.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына жолдауында: «Біз бүгін алдағы реформалардың бағыт-бағдарын айқындап алдық. Енді мемлекетімізді және қоғамның барлық саласын жаңғырта түсуге тиіспіз» деп айтылғандай ауқымды өзгерістер еліміздің болашағын айқындайтыны анық.

«Қызылорда облысының мемлекеттік архиві» КММ-нің «Қоғамдық-саяси тарихы архиві» филиалының қорындағы құжаттар бойынша сараласақ, тәуелсіздік жылдары жеткен жетістіктер жетерлік.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш президентінің ең алғашқы Жарлықтарының бірі 1991 жылғы желтоқсанның 12-індегі «ҚР халқын әлеуметтік қолдау жөніндегі қосымша шаралар туралы» Жарлығына байланысты тұрғындар нақты бір азық-түлік дүкендеріне бекітілді, оған түскен тауарлардың мөлшері мен түрлерінің, тасып әкелу кестелерінің жариялылығы қамтамасыз етілді.

Облыс орталығында және аудандарда тұтыну тауарларының қозғалысын бақылап отыратын қоғамдық комитеттер құрылды. Барлық дерлік азық-түлік тауарлары тұтыну кітапшалары арқылы, ал өндіріс тауарлары паспорттары арқылы сатылатын болды. Тұтыну кітапшалары арқылы таратылған тауарлар саны облыс бойынша 9-дан 24-ке дейін жеткізілді.

Тәуелсіздігіміздің алғашқы кезеңінің 1993 жылы ең елеулі және айтулы оқиғаларымен есте қалды. Өйткені осы жылдың 28 қаңтарында тәуелсіз еліміздің алғашқы Конституциясы қабылданды. Қазақстан Республикасының Туы, Елтаңба, Әнұрандар белгіленіп, бекіді. Ел рәміздерін белгілеуде біздің қызылордалық жерлестеріміз де өз үлестерін қосты. Жандарбек Мәлібеков елтаңба авторы болса, ақын Жадыра Дәрібаева алғашқы әнұранның мәтінін жазуға қатысты.

1993 жылы 26 наурызда Орта Азия мемлекеттері (Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Ресей Федерациясы) Арал проблемалары жөніндегі халықаралық Қызылорда конференциясы болып өтті. Америка Құрама Штаттарында ресми іссапарда жүрген Түркіменстан Президентінің өтініші бойынша Түркіменстан делегациясы да қатысты деп есептелді. Конференцияның ең басты жетістігі – Арал және Арал өңірінің проблемаларын шешу, Арал аймағын экологиялық сауықтыру мен әлеуметтік – экономикалық дамуын қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл жасалу жайлы келісімге қол қойылды. Аралды құтқарудың мемлекетаралық дәрежедегі жаңа қадамы болды. Мемлекетаралық Арал проблемасы бір аймақтың шеңберінен шығып, халықаралық сипат алды.

1993 жылдың 9 желтоқсанындағы Қазақстан Республикасы Халық депутаттары жергілікті кеңестерінің өкілдігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы Қазақстан Республикасының Заңы қабылданған болатын. Сол Заңды жүзеге асыру барысында бұрынғы ауылдық кеңес, қалалық, аудандық, облыстық кенестер олардың аткару комитеттері таратылды.

1994 жылдың 7 наурызында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесіне, облыс, қалалық және аудандық мәслихаттарына депутаттар сайлауы өткізілді. Бұл сайлауда депутаттыққа кандидаттар саяси бірлестіктер, қоғамдық ұйымдардың съездері мен конференцияларында ұсынылды. Мысалы, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне Қызылорда облысы бойынша 4 сайлау округтерінен 39 адам депутаттыққа кандидаттар ұсынылып, олардың 33–і тіркеуден өткізілді. Ал, тек №74 (Прибрежная) Дария сайлау округінде бір мандатқа 11 адам үміткер болды.

Жалпы қорытындысы бойынша 1994 жылғы 7 наурызда бірінші шақырылған Қызылорда облыстық мәслихаты депутаттар жиналысы сайланды.

1994 жылы 09 ақпанда облыс көлеміндегі теміржол станциялары мен бекеттерінің атауларының орысша транскрипциясын қазақ тілінің нормаларына сәйкестеп жазу туралы облыс әкімінің қаулысы шықты.

1997 жылы 13 мамырда облыстық Нартай Бекежанов атындағы қазақ драма театрының негізінде облыстық Нартай Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрын ашу туралы шешімі шықты.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банктің сәуір айының басындағы 1998-1999 жылдардағы қаржы дағдарысына байланысты шешімдері негізінде 1999 жылы Қызылорда экономикалық аймағы таратылды. 2000 жылдың 4 желтоқсанында Қызылорда қаласындағы әуежайы Қорқыт Ата атындағы әуежай деп аталды. 2002 жылы 30 казанда Қызылорда облыстық ішкі саясат департаменті құрылды.

«Электронды архив» ақпараттық жүйесі аясында 2010 жылдан бері архивтік құжаттар сандық форматқа енгізіліп, облыстық мемлекеттік архив құжаттарын қамтып отыр. «Құжаттардың бірыңғай электрондық архиві» ақпараттық жүйесін жүзеге асыруға қатысты ҚР Мәдениет және спорт министрлігі «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында «Құжаттардың бірыңғай электрондық архиві» ақпараттық жүйесін (бұдан әрі – «Е – архив» ақпараттық жүйесі) іске қосты. Аталған жүйе 2021 жылдың 27 қыркүйегінде өнеркәсіптік пайдалануға берілді.

Қызылорда облысының архив мекемелері, яғни Сыр архиві - тарихта өз орнымызды біліп, ардақты азаматтарымызды жалпы ұлттық өреде мақтан тұту, ұлттық қадір қасиетіңді қорлайтын жаттанды жалалардан арылу үшін ұлттық тұтастыққа кепіл болатын, тарихтың қаймағын бұзбай сақтаушы, бүгінгі күннің ең қуатты тетіктерінің бірі.

Д.ҚҰТТЫҚОЖАЕВА
«Қызылорда облысының мемлекеттік архиві» КММ «Қоғамдық - саяси тарихы архиві» филиалының басшысы

Айтжан ОРАЗБАҚОВ, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

«ЖЕЛТОҚСАН – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК МАҢЫЗЫ БАР ОҚИҒА»

– Айтжан Жұмабайұлы, қанша жыл өтсе де Желтоқсан жүректе жазылмаған жара, тарихта қасіретті күн болып қалғаны рас. Жалпы Желтоқсан оқиғасы өз бағасын алды деп ойлайсыз ба?

– Бұл мәселе күні кешегे дейін жабық күйінде келді. Соңғы бір-екі жылдың көлемінде ғана осы оқиға төңірегінде ашық айтылып жүр. Өткен 36 жылдың ішінде архив құжаттары жоғалып, ізі суып кеткен сияқты. Бірақ осы оқиғаның қалай болғаны туралы халық білуі керек. Өйткені осы оқиғаға біреудің әкесі, анасы, біреудің баласы қатысты. Қазақ жастары сол сәтте көшеге шығып, үн қатты. Ел тәуелсіздігін талап етті. Елмен санаспай істелген іске, шығарған шешімге халық наразы екендіктерін көрсетті. Бұл тарих тағылым, тарих сабағы еді. 1986 жылы Колбин басқаруға келгенде ел булығып, бұдан артық қорлауға шыдамайтындарын көрсетті. Бұдан Ресей сабақ алып, басқа мемлекеттер қайталаған жоқ. Бұл дүниежүзілік маңызы бар оқиға болды деп айтуға болады. Сондықтан бұл қазақ халқының ойы, мұңы болып басталды да арты үлкен өзгеріске әкелді.

– Сол жылдарға шегініс жасасақ, қандай оқиға көз алдыңызға келеді?

– 17 желтоқсан күнгі оқу орындарының бос қалған аудиториялары әлі көз алдымнан кетпейді. Оқытушылар жастарды алаңға жібермеуге тырысты деп айтылып жүр. Мен көзіммен көргенді айтайын, бірді-екілі іште жүрген жастарды өздері бастап алаңға барған мұғалімдерді көрдім. Сосын алаңдағы жастар әр жерде ұйымдасып отырды. Бір жерде қолбасшы шығып ұрандар айтады, бір жерде «Менің Қазақстаным» әнін айтып жатады. Бір бұрышта аналар бата беріп жатты. Сондай сәттер есімде қалды.

– Ата-баба арман еткен тәуелсіздікке қол жеткіздік. Тәуелсіз елде өмір сүріп жатырмыз. Әрине, мақтаныш. Дегенмен үлкен жауапкершілік бар. Осы тәуелсіздіктің мүмкіндігін қаншалықты пайдаландық? Ғылым, білім қаншалықты дамыды? Әлі де жазылмаған тарих, айтылмаған зерттеулер көп екені белгілі.

– Рас айтасың. Тәуелсіздік алғанмен оның мүмкіндігін толық пайдалана алмай келеміз. Біз Еуразиялық одақ мүшелігіне ендік. Бұл жерде біздің біршама құқықтарымыз шектеліп қалды ма деймін. Осы одақ құрамында Ресей мемлекеті де бар екенін білесіз. Оларға салынған санкция салқыны бізге де әсер етпей қоймайды. Біз Қытай мен Ресей секілді алпауыт елдің ортасында отырмыз. Сондықтан олармен тату байланыс орнатуымыз керек. Заманауи талапқа сай болудың маңызы жоғары. Жаңа бастамаларды қолға алуымыз керек. Ресей 1986 жылға дейін Қазақстанды өз жеріндей көріп, тың жерлерін игерді. Қажетіне жаратып, құйқалы жерлердің бәрін алды. Сол жылы Алматыда қазақ балабақшасы ашылды. Балабақша ашу арқылы қазақтар мектебін көбейтуді мақсат тұтты. Сол секілді әрбір істі іргетасынан бастап жарату қажет. Дамытатын тұстарымыз көп, жоқ деп те айта алмаймыз. Біздің дамуымызға ешкім кедергі келтірмеуі тиіс. Отандық өнімдер қатарын толықтыруымыз керек. Ұлт болашағы, ұрпақ тәрбиесіне қажетті негізгі өзектерін дамыту ісі жүйелі жалғаса береді деп үміттенемін және сенемін. Өндірісі дамыған шет мемлекет тәжірибелерін қолдана отырып, өзімізге үлгі етуіміз керек деп есептеймін. «Болашақ» степендиясымен оқыған жастардың білімін, еңбек тәжірибесін қолдансақ біздің жетістігіміз бұданда көбейе түседі деп ойлаймын.

– Меніңше, Желтоқсан оқиғасына терең зерттеу қажет секілді. Тарихшы ретінде сіз не айтасыз?

– Желтоқсан оқиғасына терең зерттеу керек. Ең бірінші үкімет тарапынан қозғау болу керек. Мемлекеттік комиссия құрып, желтоқсан оқиғасына қатысқанды ақтау жөнінде шешім шығарылса нұр үстіне нұр болар еді. Осы бағытта жоспар құрылып, оқиға қалай, неден басталды. Кімдерге түрткі болды, ашып айту керек. Жастардың алаңға бір мезгілде келуі тарихшы ретінде мені үлкен ойларға жетелейді. Бір тақырыпта үндеулердің болуы алдын ала ұйымдастырылғанын көрсетеді. Бұл жерде де халық намысын таптатпау үшін істелген деген ұйғарым тұрады. Жағдайдың қалай өрбігенін толық көрсету керек. Оқиғадан кейін партия жиналысын өткізіп, жазықсыз студенттерді оқу орнынан шығарып жіберді. Аудиторияға кіріп келіп, кім қай облыстан деп тізімдеп жазып алып жатты. Міне мұның бәрі үлкен үрей, үлкен қозғау болды. Сол кезде партия мүшелеріне «Әскер шығарудың орнына мінберге қазақ зиялыларын шақырмадыңыздар ма? Үкімет мүшелері келген кезде жастар қар шөкелеп қуып жіберді. Қазақ зиялылар келсе қар шөкелемес еді ғой. оларды тыңдап алаңнан тарқарма еді» – дедім. Менің осы пікірімді өрескел сұрақ деп танып, маған қатаң сөгіс жариялады. Желтоқсан куәгерлері ортамызда жүрген кезде естеліктерін жазып алып, зерттеу жұмыстарын жүргізу тарих аманаты деп білемін.

– 16 Желтоқсан күніне байланысты әлі де пікірлер екіге жарылады. Бірі – бұл күн Тәуелсіздік мерекесі десе, екінші жақ тәуелсіздікке қол жеткізуге қадам жасаған күн дейді...

– Айтарлықтай айырма жоқ. Екеуінің де маңызы бір. Шынын айту керек, желтоқсан бір жағынан қаралы күн. Қаншама жалынды жастың өмірі қиылды. Тәуелсіздік бастауы деп тойлаған да дұрыс. Бірақ тәрбиелік маңызы бар кездесулер, тарихи сәтке негізделген кинолар қойып, патриоттық әндер фестивалін өткізсе жарасымды болар еді. Ұлттық рух сезілетін әндер орындалса, жастар тәрбиесі үшін пайдасы болар еді.

– Жастардың бойынан қандай қасиеттерді көргіңіз келеді?

– Әр дәуірдің жастары өз заманына сай келеді. Біздің кезімізде жастар оқыған кітаптарын айтып, алған әсерлерімен бөлісетін. Соған пікір қосамыз. Оқымасақ ертеңіне міндетті түрде барып, алып оқитынбыз. Өмірлік көзқарастарымыз үйлесіп жататын. Ал қазір мүлдем басқаша. Телефонға таңылған жастар. Бір көшенің балалары бір доппен ойнаушы едік. Топтасып ортақ ой қалыптастыратынбыз. Қазіргі жастар буынына осы жетіспейтін секілді. Білім алуды бірінші мүдде санау керек. Сонда ғана ол өз елінің сенімін ақтай алатын азамат болады.

– Тәуелсіздіктің ең басты құндылығы деп нені атар едіңіз?

– Тәуелсіздің басты құндылығы тіл, жер, экономика. Тілі дамыған, жері кең, экономикасы өркендеген елдің болашағы зор болмақ. Тәуелсіздік – ұлы ұғым, асқақ сезім. Сол биігін жүрекпен сезіну қажет. Қазақтың басты байлығы тәуелсіздік екенін әрбір қазақ шынайы сезінсе, бабалар мұратының орындалғаны дер едім.

Сұхбаттасқан **Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ**

Басы 1-бетте

АЗАТТЫҚТЫҢ АРАЙЛЫ ТАҢЫ: бұл мерекенің маңызы қандай?

Еліміз үшін Тәуелсіздіктің маңыздылығы қандай? Бұл жөнінде кеңірек қозғау үшін Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының директоры, тарих ғылымдарының кандидаты, «Құрмет» орденінің иегері Нұрлыбек Мыңжасты әңгімеге тартқан едік.

– Тәуелсіздіктің мәнін түсіну үшін алдымен біз неге тәуелдіміз деген сұраққа жауап тауып алғанымыз абзал. Мәселен, экономикада шикізатқа тәуелдіміз. Осы саланың драйвері мұнай-газ болса, стратегиялық көрші саналатын ресейліктер Ел Президенті Қ.Тоқаев инаугурация өткізіп жатқанда бізден экспортқа шығарылатын мұнайдың 90 пайыздан астамын өткізетін КТК-ны жауып тастады. Мемлекет басшысы жаңа сайланған Президент ретінде алғашқы ресми сапарын Мәскеуден бастады. Содан кейін КТК қайта іске қосылды. Шикізатқа ғана негізделген экономикамыз саяси тәуелділікке соқтырып отыр.

Келесі ретте адамның жеке басының тәуелсіздігі аса маңызды. Тегінде тәуелсіздік деген абсолютті ұғым емес. Біз бәрібір бір нәрсеге бағынуымыз керек қой деп ойлаймын. Әсіре еркіндіктің анархияға апаратыны тарихтан белгілі. Дей тұрғанмен, белгілі деңгейде әрбір адам азат сана тұрғысынан ойлана білуі тиіс. Себебі ешкім дүниеге келгенде біреуге құл болам деп келмейді. Бұл жерде әрине, тәрбие мәселесі бірінші орынға шығады. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «ұлды ұлша тәрбиелесең – ұл болады, құлша тәрбиелесең – құл болады» дегені осындайда еске түседі. Демек басты тірегіміз – адам, яғни адами капитал. Тәуелсіздік алғалы бері «алдымен экономика, сосын – саясат» деген ұранға бас ұрып, адамның ахуалы көлеңкеде қалғандай. Тек білімге ғана емес, сонымен теңдей дәрежеде тәрбие мәселесіне де баса көңіл бөлетін уақыт жетті деп ойлаймын.

Ғылымда «интегралды жан дүние» деген ұғым бар. Яғни өзіңнің ішкі сарайың. Халықтың санасын жаңғыртып, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеуге ұмтылған тұста істің барлығы жеке адамның өзіне келіп тіреледі. Осыдан тәрбиеге көбірек басымдық беру қажеттігі туындайды. Себебі білім – аккумилятивті процес те, тәрбие ісі – этикалық үдеріске жатады. Әл-Фараби бабамыздың «Тәрбиесіз білім алған адам – адамзаттың қас жауы» дегені осыған меңзейді. Ішкі жан дүниеңді тазарту дегеннен шығады, қазақтың абызы атанған Әбіш Кекілбай ағамыз «Өзімізді өзіміз шыңдап, өзгеде есеміз кетпейтіндей боп ар-намысқа тырысуымыз қажет. Тәуелсіздіктің бағы сонда ғана жанады. Тәуелсіздік жолында қан да төгілген, жас та төгілген, тер де төгілген. Бірақ ар төгілмеуі керек. Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады» деп тұжырымдайды. Дана халқымыз «ерді намыс өлтіреді» деп бекер айтпаса керек. Ар-ұят пен намысты тірек ету Тәуелсіздікті баянды етудің басты шарты болса екен деген тілек біздікі. Өмірге еніп жатқан қоғамдық қатынастардың жаңа алгоритмдері, ақпараттық технологияның қарыштап дамуы бізді еңбек ету қабілетінен айырып бара жатқандай әсер береді, – дейді Нұрлыбек Мыңжас.

Оның пікірінше, Тәуелсіздікке ынтымағы жарасқан, ауыз бірлігі берік халық қана қол жеткізе алатынын өткеніміз дәлелдеп берді. Халқымызға ғасырлар бойы арман болған тәуелсіздік, егемендік ұстанымдарын биікке көтеретін бұл күн – біздің Отанымыздың әрбір азматы үшін үлкен мереке. Тәуелсіздікті баянды ету оған қол жеткізуден де қиын. Сондықтан да мемлекеттігіміздің тұғырын мызғымастай нығайта түсу – бізге берілген міндет.

Егемендіктің қандай жолмен келгенін бүгінгі жастар жақсы біледі. Сол үшін де Тәуелсіздіктің мызғымас тұғырын бекітіп, мәңгілік ел болу жолында жастар қызмет етуі тиіс.

– Қазақ халқы үшін тәуелсіздік аспаннан түскен сый емес еді. Халқымыз бостандықты аңсап, Тәуелсіздікке зарығып жеткен болатын. Тәуелсіздік жолында еліміз аз қиыншылық көрген жоқ. Тәуелсіздік – ата-бабаларымыздың ұзақ күткен асыл арманы. Сол арманға қажырлы еңбек пен рухты ерліктер арқасында жеттік. Биылғы жылы Тәуелсіздігіміздің 31 жылдығын атап өткелі отырған Қазақ елі бұл күні әлем таныған елге айналды. Мемлекетіміз ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарлар, іргелі бағдарламалар қабылдап, солардың бәрін сәтті жүзеге асырып келеді. Жаңа Қазақстанды дамытуда жастардың алар орны ерекше. Мемлекетіміз жастардың жан-жақты дамуы үшін барлық мүмкіндік жасауда. Бір арнаға тоғысып, бір-бірімізге демеу болып, сапалы білім алып ел мүддесі жолында қызмет жасауға тиіспіз. Қазақтың әр жасы Тәуелсіз мемлекетте өмір сүріп жатқанын мақтан тұтуы керек, – дейді «Қазақстан студенттер Альянсы» РСҚ Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Сабыржан Қуандық.

Расында, Тәуелсіздік – бүгінгі ұрпаққа берілген үлкен бақыт, халқымыздың мәңгілік құндылығы. Еркін ел ретінде халықтың әл-ауқаты көтеріліп, төл мәдениетіміз бен мемлекеттік тіл жаңғыра түсті. Соның нәтижесінде бүгінгі ұрпақ бейбіт күн кешіп отыр.

Айтолқын АЙТЖАНОВА

Басы 1-бетте

Газет оқу және стресс

Айналамыздағылар бір-бірімен кітап алмасып, газет-журналдан оқығанын, алған әсерін бөлісуге асыққан бақытты сәтті күн сайын бастан кешетін болғандықтан, осы бір сөйлем хабар өзіме қатты әсер етті. Оқудан стреске түсетіндей қандай қоғамда өмір сүріп жатырмыз өзі? Иә, жасыратыны жоқ, газет-кітап оқудан теріс айналған қоғамда өмір сүріп жатырмыз. (Алайда бұл да уақытша. Бұл да бір сынақ шығар). Телефонға телмірген заманда, тіпті бір отбасындағы адамдардың арқа-жарқа болып әңгімелесуден де қалып, дастархан үстінде де телефонсыз ас батпайтын қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Мұндай сынақ кезеңінде кейбіреулерге газет-кітап туралы әңгіме айтудың өзі күлкілі көрінетіні де жасырын емес. Иә, ащы да болса, шындық, халыққа газетке жазылуды насихаттамаса, өз еркімен ешкімнің газет-журналға жазылуы қай кезде де екіталай. Үйіндегі болашағын ойлаған санаулы қауым ғана болмаса, жалпы жұрт жаппай газетке жазылмайтыны қай уақыттан да дәлелденген нәрсе. Белгілі жазушы Шерхан Мұртаза бір сұхбатында халыққа оқуды насихаттамаса, газетке жазылуды міндеттеу керегін смартфонсыз заманда айтқанын еске алсақ, «бар жаңалықты оқып отырмын» деп сылтауы дайын мына заманда газетке жазылып, кітап оқитындар қатары тіпті азайып кеткені белгілі. Оның үстіне мәртебелі заңын алға тартып, оқымауды мәртебе көріп жүрген кейбір құрметті мамандық иелерінің деңгейіне қарның ашады.

Өткенде бір ата-анадан хат келді. Мұғалімге өкпесі бар екен. Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында бастауыш сынып балаларына тәуелсіздік туралы өлең жаттауы тиіс екенін тапсырып, интернеттен асығыс-үсігіс жүктеген жарты бет өлеңді ата-анаға «ватсап» арқылы жіберіп, «интернеттен алдым, авторын таба алмадым, өзіңіз іздеп тауып аларсыз» деп сәлемдеме жолдапты. Авторы белгісіз, ұйқасы жоқ, мағынасы да төмен, өлең жазуға талпынған талапты бір жастың өлеңі болса керек. «Сонда оқушыға таңдамай-талғамай кез келген өлеңді жаттата бере ме? Белгілі ақын-жазушылардың өлеңдері қайда жоғалып кетті?» деп күйініп хат жазады ата-ана. Нағыз стреске түсірген хат осы болды....

Талғамсыз мұғалім қайдан шықты? Бұл туралы тәжірибелі мұғалімдермен пікірлестік. Еңбек жолын бала тәрбиесіне арнаған білікті де білімді ұстаздар білім саласында ізін жалғастырар кейінгі буын – жас маманның газет, кітап оқымайтынын жасырмады. Аты-жөнін көрсетпеуді өтінген тәжірибелі ұстаздар жас маманға сын айту да қиын болып бара жатқанын тілге тиек етті. «Өзім білемге салатын, сын көтере алмайтын жас мұғалімдер бар. Оларға жол көрсетсең, жеккөрінішті боласың. Ең дұрысы – үндемеу, әркім өз жұмысын істеу», – дейді тәжірибелі ұстаздың бірі. Сондай-ақ білім саласының ардагері саналатын білікті ұстаздар жас мамандардың балаға жақсыны үйретуде ізденбейтініне де қынжылды. «Шынында, мектепте өлең оқудан байқаулар, ашық тәрбие сағаттары өткенде бүлдіршіндер кімнің өлеңін жаттағанын білмейсің. Интернеттен ала салады, осымен іс бітті. Ол өлеңді кім жазған, оқушы ма, студент пе, ол жағы белгісіз. Қазіргі мұғалім кітап ақтарып жатпайды, керегін интернеттен ала салады, осымен іс бітті. Ең қиыны да осы. Білім саласындағы аға буынның пікірі осыған саяды.

Психология саласын зерттеп жүргенғалымдар қайбір жылы адамдардың не себепті күйзеліске бейім екенін зерттеп көрген. Бұл мәселенің түйіні – адамның кітап оқудан алыстап кетуінен деген түйін жасаған. Себебі кітап оқымаған адамда сөздік қоры да аз, ойын толық жеткізе алмайды. Ал ойды жеткізе алмау күйзеліске түсіреді екен. Сондай-ақ дүниетанымы кең, рухани тоқ болмаған адам жеңіл-желпіге, арзан дүниеге үйір. Тіпті жаңалықтар желден жылдам ақпараттар ғасырында нені оқып, нені үйрену керек, қайсы ақпарат шындыққа жанасатынына талдау жасай алмауы да талайды сан соқтырып жүр.

Жақында жақсы бастаманы көзіміз шалып қалды. Анығын айтқанда, белгілі блогер, әлеуметтік желі арқылы оқырмандарына қаржылық сауатты үйретіп жүрген, «Қаржы қағидалары», «Лайфхактар» кітабының авторы Данияр Жігітбек «Қазақстанды оқитын елге айналдырайық» миссиясы аясында «Ауылға кітап» жобасын бастады. Жоба аясында қазақ тіліндегі 50 кітаптың тізімін жасап, алыс ауылдардағы мектептерге кітап таратуда. «Құдайға шүкір, елімізде қайырымдылық қорлары көп. Мұқтаж жандарға үй, азық-түлік таратып жүр. Бірақ біз «балық берме, қармақ бер» принципін ұстанамыз. Білімсіздіктен асқан кедейлік бар ма? Еліміз қазір білімге мұқтаж. Сол үшін біз кітап тарату жолын таңдадық» , – деп жазады жоба авторы.

«Қазақстан неге кітап оқитын елге айналуы керек?» деген оқырман сұрағына:

– Олай болмаса, хәләулім көретін, ставкі тігетін, сосын қарызға бататын, баласына травма жасап, психологиялық мүгедек қылып тастайтын, оқымайтын, кедей елге айналамыз. Проблеманың бәрі ойланбаудан. Кітап оқуды тоқтатқан адам ойлануды тоқтатады, – деп жазады жоба авторы.

Жақында қос министр жалпы халыққа жақсы үлгі көрсетті. Сөзбен емес, іспен. Яғни Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі мен Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов елордадағы Қазпошта бөлімшесіне арнайы барып, газет-журналға жазылды. Түсінгенге қос министрдің бұл ісі қоғамға газет-журнал керек екенін, жалпы оқу қажеттігін үндемей-ақ насихаттады десек артық айтқандық емес.

Ақыры, газет-журнал оқуды насихаттаған екенбіз, газеттен не оқимыз деген сұраққа оқырман ретінде жауап беріп көрейік. Себебі «оқитын ешнәрсе жоқ» деп оқырман үшін тәуір дүние жазуға тыраштанған, тасқа басылғандай ел тарихын қағаз бетіне қалдырып жатқан жорналшы қауымның еңбегі ерен. Мәселен «Егемен Қазақстан» газетіндегі экономикалық талдаулар қарапайым оқырманға түсінікті, егжей-тегжейлі жазылады. «Егеменді» үнемі оқысаңыз ватсаптан келген «шот ашыңыз, балаңызға ақша түседі» немесе «несиеңіз жабылады» деген фейк ақпараттарға еленбемес едіңіз. Сондай-ақ ата басылымның «Әдеби калейдоскоп» бетінде қазақ және әлем әдебиетіне талдау жасауы да оқырман үшін ең пайдалы дүние. Әдемі талдауларды оқи отырып, сол кітапты алып оқығанша асығасыз. Бір сөзбен айтқанда, оқырманына қандай кітап оқуға бағыт беріп отырады десек артық айтқандық емес. Ал облыстық «Сыр бойы» газетінен аймақтың тыныс-тіршілігі ғана емес, елдегі жаңалықтарды сараптаған мақалаларды тұшына оқисыз. Еңбек адамдарын елге танытатын, айдынды Аралдан қарт Қаратауға дейін аралап, ауылдың тыныс-тіршілігін елге жеткізетін тілшілердің жолсапарлары да ешкімге ұқсамайтын бөлек дүние. Облыстық «Ақмешіт жастары» газетінен жаңашыл жастардың жобаларын, білім қуған, кәсіп бастаған жаңа есімдерді тану үшін апта сайын оқуға асығасың.

Ал, құрметті оқырман, өзіңіздің «Ақмешіт апталығы» деп аталатын сүйікті басылымыңыз қандай тақырыпты қаузап жүргенін атап айтып жату артық болар. Дегенмен айта кетерлігі, қалалық газет деп аталғанмен, уақыт талабына сай әлем жаңалығымен түгел қамтуға ұмтылған басылым оқырман талғамына сай болуға еңбек етіп келеді. Шетелдік ақпарат көздерінен ағылшын тілінен аударып, сараптап ұсынатын «Әбігер әлем» айдарындағы дүниелерді оқи отырып, «Нью-Йорк Таймсты» оқығандай әсерде боласыз. «Ақмешіт Қызылорда болғанда» айдарымен сүйікті қаланыздың сіз біле бермейтін талай тарихи мәліметтерді оқып та жүрсіз. Бұл орайда басылым еліміздің алғашқы астанасы туралы бір зерттеу кітабына жүк боларлық тың дүниелер жариялады десек артық айтқандық емес. Сонымен қатар «Экономика», «Отбасы» «Денсаулық», «Кел балалар, оқылық», «Спорт», «Қуақы», «Руханият» сынды арнаулы беттер арқылы сараптамалық мақалалар, оқырман сұранысына сай тәуір дүниелер ұсынып жүрміз. Бұл өзіміздің-өзіміз мақтау емес, жыл аяқталар тұста оқырманға есеп беріп, келер жылы да газет оқитындар қатары азаймасын деген тілек қана.

Яғни күйзелістегі қоғамға айналмау үшін оқитын елге айналайық!

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Меншік иесі: Сыр медиа жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3737 **Тапсырыс №2128**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Айтолқын АЙТЖАНОВА